“Мерейлі” жекеменшік балабақшасы

2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес құжаттары

Жаңаөзен қаласы, 2024 жыл

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ
«ЖАНГАЗЫ ДАНИЛ» ЖШС
«МЕРЕЙЛІ» ЖЕКЕМЕНШІК
БАЛАБАҚШАСЫ

МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД ЖАНАОЗЕН
ТОО «ЖАНГАЗЫ ДАНИЛ»
ЧАСТНЫЙ ДЕТСКИЙ САД
«МЕРЕЙЛІ»

130200 Жанаозен каласы
Мерей ш/а, 40-846
сот.тел: +7775 679 93 83
e-mail: mereyli_bb@mail.ru

БҰЙРЫҚ

Қамқоршылық кеңесін құру және оның құрамын бекіту туралы

«01» 09 2023 жыл № 05-ОД

Жаңаөзен қаласы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 43 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібіне сәйкес, білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру және білім алушылардың құқықтарын қорғауға жәрдемдесу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымында Қамқоршылық кеңесі құрылсын.

2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қамқоршылық кеңесі өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы және Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін басшылыққа алсын.

4. Қамқоршылық кеңесіне:

   білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізу;

   білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

   білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар беру;

   бюджетті қалыптастыру және қайырымдылық көмек қаражатын бөлу мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

   білім беру ұйымының қызметіндегі мәселелерді талқылау және тиісті ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

директор С.И.Эбиева

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2023 жылғы «01» 9 № 05 бұйрыққа

№	Аты-жөні	Қатысушының мәртебесі	Кеңестегі рөлі
1	Эбиева С.И.	"Мерейлі" жекеменшік балабақшасының у.м.а директоры	Кеңес төрағасы
2	Шабиков А.	№1 Балапан тобының ата -анасы	Хатшы
3	Қ.Мамаева	Рахат ауылы әуімдігі қоғамдық қызметкер	Мүше
4	Адикаримова А.	№3 "Құлыншақ" тобының ата-анасы	Мүше
5	Абдыгалиева М.	№2 «Балдырған» тобының ата-анасы	Мүше
6	Қосаев Н.	№1 «Балапан» тобының ата-анасы	Мүше
7	Таңбайқызы Г.	№3 «Құлыншақ» тобының ата-анасы	Мүше

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023–2024 оқу жылы

№	Қаралатын мәселе / іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің алғашқы отырысын өткізу, жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Кеңес төрағасы, хатшы
2	Білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарау	Қазан	Кеңес мүшелері
3	Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету мәселесін талқылау	Қажеттілігіне қарай	Кеңес мүшелері, ұйым әкімшілігі
4	Қайырымдылық көмектің түсуі мен жұмсалуына қатысты ақпаратты қарау	Тоқсан сайын	Кеңес, ұйым әкімшілігі
5	Білім беру ұйымын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қаңтар	Кеңес мүшелері
6	Жылдық жұмыстың қорытындысын шығару және келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу	Мамыр	Кеңес төрағасы, хатшы

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Эбиева С.И.

Хатшы: Амантурлиева Ж.И.

"Мерейлі" жекеменшік балабақшасы
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «01» 09 2023 жыл
Қатысты: 15 адам
КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2023–2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.
2. МДҰ Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру.
3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.
4. Қамқоршылық кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу туралы.

МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: мектепке дейінгі ұйымның директоры С.Эбиева қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілеріне қолайлы жағдай жасауға, ұйымның қызметін жетілдіруге, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ету екендігі түсіндірілді.

Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне, кеңес жұмысының негізгі бағыттарына тоқталды.

Сонымен қатар Қамқоршылық кеңес құрамына ата-аналар, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін екендігі айтылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және олардың жазбаша келісімдерін алу қажеттігі түсіндірілді.

Қатысушылар тарапынан ұсыныстар тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: мектепке дейінгі ұйымның әдіскері С.Эбиева

Әдіскер Қамқоршылық кеңестің құрамына ұсынылған кандидаттар туралы ақпарат беріп, олардың кандидатураларын қарауға ұсынды.

Талқылау барысында Қамқоршылық кеңестің құрамына ата-аналар арасынан 4 адам, жергілікті атқарушы орган өкілі 1 адам және басқа да өкілдер енгізу ұсынылды.

Ұсынылған кандидаттар Қамқоршылық кеңес мүшелігіне өздерінің келісімдерін білдірді.

Қатысушылар ұсынылған кандидатураларды талқылап, Қамқоршылық кеңестің құрамын бекітуге ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: «№1 "Балапан" тобының ата-анасы Шабикова сөз сөйледі.

Ол Қамқоршылық кеңесінің мүшесі қызметіне кандидатурасын ұсынды.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы қызметіне Абдыгалиева кандидатурасын ұсынды.

Ұсынылған кандидатуралар қатысушылар тарапынан қолдау тауып, ашық дауыс беруге ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

«Қолдады» – 15 адам.

«Қарсы» 0 адам.

«Қалыс қалды» – 0 адам.

Дауыс беру қорытындысы бойынша ұсынылған кандидатуралар бірауыздан қолдау тапты.

Қамқоршылық кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылдансын.

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері «Мерейлі» жекеменшік балабақшасың Жарғысымен, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленіп, келесі отырыста қарауға және бекітуге ұсынылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары қолданыстағы талаптарға сәйкес жүйелі түрде өткізіліп отырсын.
4. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы кеңес отырыстарының хаттамаларын уақытылы рәсімдеп, қажетті құжаттамалардың жүргізілуін қамтамасыз етсін.
5. Осы шешімдердің орындалуын бақылау Қамқоршылық кеңесінің төрағасы З.Эбиеваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: _____ **С.Эбиева**

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: _____ **ШабиковА**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «4» желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері, МДҰ әкімшілігі, педагогтер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. МДҰ-ның 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мен танысу.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыруға қатысу, қауіпсіздігін қарау.
3. Тәрбиеленушілердің дұрыс әрі сапалы тамақтануын ұйымдастыру мәселесін қарау.
4. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша ұсыныстарды қарау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ директоры С.Эбинва 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және ата-аналармен тиімді өзара байланыс орнату бағыттарына тоқталды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы С.Эбиева жылдық жоспардың негізгі бағыттарын қолдайтынын айтып, ата-аналар қауымдастығы тарапынан бірлескен жұмыстарды ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етілді:

1. МДҰ-ның 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мен даму бағыттары назарға алынсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері жоспарланған іс-шараларға белсенді қатыссын.
3. МДҰ әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңес арасында өзара ынтымақтастық жүйелі түрде жүргізілсін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ әкімшілігі алдағы Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу жоспары туралы ақпарат берді. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай мерекелік іс-шараларды өткізу, қауіпсіздік талаптарын сақтау, безендіру жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңес мүшелері мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру жұмыстарына Қамқоршылық кеңес мүшелері мүмкіндігінше қолдау көрсетсін.
2. Мерекелік іс-шаралар санитариялық және қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізілсін.
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолайлы мерекелік орта қамтамасыз етілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ жауапты қызметкері Таумұрынова тәрбиеленушілерді дұрыс әрі сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ақпарат берді. Балалардың күнделікті тамақтану рационының талаптарға сәйкестігі, тағамдардың сапасы, ас мәзірінің орындалуы, тамақтану тәртібі және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы айтылды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Китебаев Бекболат балалардың денсаулығын сақтау үшін сапалы және теңгерімді тамақтанудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Тәрбиеленушілердің дұрыс әрі сапалы тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.
2. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне, ас мәзірінің орындалуына тиісті бақылау жүргізілсін.
3. Ата-аналардың тамақтануға қатысты ұсыныстары мен пікірлері назарға алынсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ әкімшілігі ұйымның материалдық-техникалық базасының қазіргі жағдайы және оны одан әрі нығайту қажеттілігі туралы ақпарат берді. Топ бөлмелерін, ойын алаңдарын, оқу-ойын құралдарын және балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортасын жетілдіру бойынша ұсыныстар қаралды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы МДҰ-ның материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстарына заңнамада белгіленген тәртіппен қолдау көрсету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды.

Қаулы етілді:

1. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша ұсыныстар назарға алынсын.
2. Қажеттіліктер мен басым бағыттар бойынша ұсыныстар жинақталсын.
3. МДҰ әкімшілігі материалдық-техникалық базаны жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастырсын.
4. Қамқоршылық кеңес өз құзыреті шегінде қолдау көрсету мүмкіндіктерін қарастырсын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ:

1. Қамқоршылық кеңес пен МДҰ әкімшілігінің бірлескен жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Қаралған мәселелер бойынша белгіленген жұмыстардың орындалуы бақылауда ұсталсын.
3. Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, сапалы білім алуы мен қолайлы ортада тәрбиеленуі басты назарда болсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: _____ С.Эбиева
Хатшы: _____ А.Шабикова

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «02» наурыз 2024 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері, МДҰ әкімшілігі, педагогтер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Наурыз мерекесін ұйымдастыруға қатысу.
2. "Аялы алақан" қайырымдылық акциясын ұйымдастыру
3. «Жасыл табиғат» бағытындағы экологиялық іс-шараларға қатысу.
4. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық акциялар ұйымдастыру.
5. МДҰ-дағы кітап оқу мәдениетін қолдау, кітап бұрыштарын толықтыру бойынша ұсыныстар беру.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ әкімшілігі Наурыз мерекесін ұйымдастыру және өткізу жұмыстары туралы ақпарат берді. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, тәрбиеленушілерге ұлттық құндылықтарды насихаттау, мерекелік іс-шараларды мазмұнды әрі қауіпсіз өткізу мәселелері қаралды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы З.Эбиева Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәнін атап өтіп, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналар мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің белсенді қатысуын ұсынды.

Қаулы етілді:

1. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға Қамқоршылық кеңес мүшелері қолдау көрсетсін.
2. Мерекелік іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес өткізілсін.
3. Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ әкімшілігі "Аялы алақан" қайыырымдылық акциясын ұйымдастырғаны туралы айтып өтті.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Педагог Ж.Амантурлиева «Жасыл табиғат» бағыты бойынша жүргізілетін экологиялық іс-шаралар туралы ақпарат берді. Тәрбиеленушілердің табиғатты

қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

Қаулы етілді:

1. «Жасыл табиғат» бағыты бойынша экологиялық іс-шараларға Қамқоршылық кеңес мүшелері қатыссын.
2. Тәрбиеленушілерге табиғатты қорғау және экологиялық мәдениет бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. МДҰ аумағын көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық акциялар ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарын білдірді. Табиғатты қорғау, аумақты таза ұстау, көшет отырғызу және гүл егу сияқты ортақ іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Қаулы етілді:

1. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық акциялар ұйымдастырылсын.
2. Экологиялық акцияларға ата-аналарды ерікті түрде тарту жұмыстары жүргізілсін.
3. Акциялар барысында балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ педагогі Кылышбаева балалардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және кітапқа қызығушылығын арттыру жұмыстары туралы ақпарат берді. Топтардағы кітап бұрыштарын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес толықтыру, көркем әдебиеттерді жаңарту және ата-аналардың кітап оқуға қатысуын арттыру ұсынылды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Г.Таңбайқызы балалардың ерте жастан кітаппен дос болуы олардың тілдік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. МДҰ-дағы кітап оқу мәдениетін қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Топтардағы кітап бұрыштарының мазмұны зерделеніп, қажетті әдебиеттермен толықтыру бойынша ұсыныстар берілсін.
3. Ата-аналарға үй жағдайында балаларға кітап оқып беру және бірлесіп кітап оқу мәдениетін қалыптастыру ұсынылсын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ:

1. Наурыз мерекесін, экологиялық және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруда Қамқоршылық кеңес пен МДҰ әкімшілігінің бірлескен жұмысы қамтамасыз етілсін.

2. МДҰ аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Балалар мен ата-аналардың экологиялық және мәдени іс-шараларға белсенді қатысуына жағдай жасалсын.
4. Кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап бұрыштарын жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: _____ С.Эбиева

Хатшы: _____ А.Шабиков

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «21» мамыр 2024 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері, МДҰ меңгерушісі, педагогтер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. МДҰ-да жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселесін қарау.
2. Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі бойынша ұсыныстар әзірлеу.
3. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселесін қарау.
4. Оқу жылының қорытындысы бойынша МДҰ әкімшілігінің есебін тыңдау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ директоры С.Эбиева 2024 жылғы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспары туралы ақпарат берді. Жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, таза ауада серуендеу, қимылды ойындар ұйымдастыру, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын өткізу бағыттары қаралды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы С.Эбиева жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қолайлы жағдай жасау маңызды екенін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. МДҰ-да жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспары назарға алынсын.
2. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Жазғы кезеңде балалардың таза ауада қауіпсіз болуына қажетті жағдай жасалсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ директоры С.Эбинева жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. Балалардың күнделікті серуендеу кезіндегі қауіпсіздігі, ойын алаңдарындағы қауіпсіздік, күн сәулесінен қорғану, өрт және су қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

Қаулы етілді:

1. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмыстар күшейтілсін.
2. Педагогтер балаларға қауіпсіздік ережелері бойынша жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
3. Ойын алаңдары мен МДҰ аумағының қауіпсіздік жағдайы тұрақты бақылауда ұсталсын.

4. Ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша ұсыныстар берілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ меңгерушісі С.Эбиева ұйымның материалдық-техникалық базасының жағдайы және оны одан әрі жетілдіру қажеттілігі туралы ақпарат берді. Топтарға, ойын алаңдарына, оқу-ойын құралдарына және балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортасын қамтамасыз етуге қатысты қажеттіліктер қаралды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңес мүшелері МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында қажетті жұмыстарды кезең-кезеңімен жүргізу туралы ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етілді:

1. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша қажеттіліктер ескерілсін.
2. Басым бағыттар бойынша ұсыныстар жинақталсын.
3. Қамқоршылық кеңес өз құзыреті шегінде МДҰ әкімшілігіне қолдау көрсету мүмкіндіктерін қарастырсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

МДҰ директор С.Эбиева 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы есеп берді. Оқу-тәрбие процесінің нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, қауіпсіздік, сауықтыру және материалдық-техникалық базаны жетілдіру бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар сараланды.

Сөз сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы С.Эбиева МДҰ әкімшілігінің оқу жылында атқарған жұмыстарына оң баға беріп, алдағы оқу жылында да бірлескен жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. МДҰ әкімшілігінің 2023–2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы есебі назарға алынсын.
2. Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың нәтижелері талдансын.
3. Келесі оқу жылында анықталған мәселелер бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ:

1. 2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңес пен МДҰ әкімшілігі тарапынан атқарылған жұмыстар қорытындылансын.
2. МДҰ-да жазғы сауықтыру кезеңін қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
3. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау басты назарда болсын.

4. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
5. Қамқоршылық кеңестің ұсыныстары келесі оқу жылындағы жұмыс барысында ескерілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: _____ **С.Эбиева**

Хатшы: _____ **А.Шабиков**